


№ 13«27» 04 2022ж

2021-2022 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясын талапқа сай әрі сапалы ұйымдастыру және өткізу мақсатында

ӨКІМ ЕТЕМІН:

- 1) Декандар мен кафедра меңгерушілеріне емтихан сұрақтарын пәндер бойынша әзірлеу, білім беру порталына енгізу және емтихан қабылдаушыларды 29.04.2022ж. дейін бекіту жүктелсін;
- 2) АСБ, диспетчерлік қызметке Академиялық күнтізбеге сәйкес, емтихан кестесін 29.04.2022ж. дейін дайындау жүктелсін;
- 3) Факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне және тіркеу офисіне Dis.htii білім беру порталы мен автоматтандырылған Platonus бағдарламасында білім алушылардың ІІ ағымдық балдары мен мамыр айының 10 мен маусым айының 25 аралығындағы емтихан балдарының уақытында қойылуын қадағалау жүктелсін. (Білім алушылардың бағалары мерзімінде қойылмаған жағдайда, осы пәнді жүргізетін оқытушы және тиісті кафедра меңгерушісінің жауапты екендігі алдын ала ескертіледі);
- 4) Тіркеу офисінің жетекшісі М.Азимоваға аралық аттестаттауды өткізу үшін базаның және барлық пәндер бойынша электрондық журналдардың дайындығы, екі аралық бақылау бойынша балл қоюды бақылау, кесте бойынша аралық аттестаттауды өткізу жүктелсін;
- 5) Факультет декандарына және бекітілген прокторларға көктемгі емтихан сессиясы кезінде «OES» ЖШС бағдарламасын қолдана отырып, прокторинг жүйесімен ұйымдастыру өкімге сәйкес жүктелсін;
- 6) Студенттердің өзін-өзі басқару және жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Н.Қарабаевқа және «Тәрбие жұмыстары мен Саналы ұрпақ» бөлімінің бастығы Р.Нуркинаға білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру мен сауалнама жүргізу, «Таза сессия» акциясын ұйымдастыру жүктелсін;
- 7) АСБ, Тіркеу офисіне білім алушылар тарапынан аралық және қорытынды бақылау кезінде орын алатын түсініксіз жағдайларды реттеу мақсатында апелляциялық комиссия құрамын 05.05.2022 ж. дейін жасақтау жүктелсін.
- 8) Осы іс-шаралардың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Бірінші проректор



А. Абдуалы

000013